



Евразийский Банк

**«ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЕКІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШЕГІНДЕ**

**ОБЛИГАЦИЯЛАР
ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ
ПРОСПЕКТІСІ
(«Еуразиялық банк» АҚ)**

Шығарылым Облигациялар түрі	бесінші атаулы купонды қамтамасыз етілмеген
Шығарылым көлемі Облигациялардың номиналы	5 000 000 000,00 теңге 100,00 теңге
Саны	50 000 000 дана
Шығару нысаны	құжаттамасыз

Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде суреттелген облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да бір ұсыныстар беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған уәкілетті орган осы құжаттың мазмұнындағы ақпараттың шынайылығы үшін жауапкершілікте болмайды. Облигациялар шығарылымы проспектісінің тек Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі қарастырылды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы құжаттың мазмұнындағы ақпараттың шынайылығы үшін жауапкершілікте болады және онда берілген бүкіл ақпараттың шынайы және инвесторларды эмитентке және оның облигацияларына қатысты жаңылыстыруға әкелмейтіндігін растайды.



1. Осы облигациялар шығарылымы «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Банк) екінші облигациялық бағдарламасы Проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

- Банктің екінші облигациялық бағдарламасы Проспектісін мемлекеттік тіркеу күні – 2008 жылғы 15 қазан;
- шығарылым іске асырылатын облигациялық бағдарламаның ақшалай көрсеткіштегі көлемі – 100 000 000 000,00 (жүз миллиард) теңге;
- облигациялар шығарылымның реттік нөмірі – 5 (бесінші);
- осы облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер:

Бірінші шығарылым:

Шығарылымның уәкілетті органда тіркелген күні – 2008 жылғы 15 қазан.

Облигациялар саны – 150 000 000 (бір жүз елу миллион) дана.

Номиналды құны бойынша шығарылым көлемі – 15 000 000 000,00 (он бес миллиард) теңге.

Орналастырылған облигациялар саны – 110 553 800 (жүз он миллион бес жүз елу үш мың сегіз жүз) дана.

Облигация ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

Облигациялар ұстаушыға облигацияларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес меншік құқығынан туындайтын құқықтар ұсынылады, оның ішінде:

- облигациялардың номиналды құнын облигациялардың шығарылым проспектісінде қарастырылған мерзімдерде алу;
- сыйақыларды облигациялардың шығарылым проспектісінде қарастырылған мерзімдерде алу;
- облигацияларды еркін басқару;
- ақпараттарды облигациялардың шығарылым проспектісінде қарастырылған тәртіппен алу;
- өз талаптарын Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен қанағаттандыру;
- сыйақылар және/немесе облигациялардың оларды өтеу кезінде номиналды құны Банк кінәсінен төленбеген, сондай-ақ толық төленбеген жағдайда, Банк облигация ұстаушыларына негізгі міндеттеме сомасын және мерзімі өткен әр күн үшін ақшалай міндеттемені орындайтын күні Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі қайта қаржыландыруының ресми мөлшерлемесіне қарай есептелетін өсімпұлды төлеуге міндеттенеді. Осы шығарылым облигациялары бойынша дефолт жарияланған жағдайда облигация ұстаушыларының талаптарын қанағаттандыру Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүргізіледі.



Шектеулер (ковенант) бұзылған кезде іске асырылатын құқықтар:

Осы облигациялардың шығарылым проспектісінде шектеулер (ковенанттар) қарастырылмаған.

Ұстаушылардың осы құқықтарын іске асу тәртібін көрсетумен ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтар:

Инвесторлармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу және сату шарттарымен қарастырылған құқықтарды Банк бұзған жоқ.

Екінші шығарылым:

Шығарылымның уәкілетті органда тіркелген күні – 2008 жылғы 15 қазан (куәлікті ауыстыру 2009 жылғы 24 қыркүйек).

Облигациялар саны – 220 000 000 (екі жүз жиырма миллион) дана.

Номиналды құны бойынша шығарылым көлемі – 22 000 000 000,00 (жиырма екі миллиард) теңге.

Орналасырылған облигациялар саны – 220 000 000 (екі жүз жиырма миллион) дана.

Облигация ұстаушыларына ұсынылатын құқықтар:

Облигациялар ұстаушысына облигацияларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес меншік құқығынан туындайтын құқықтар ұсынылады, оның ішінде:

- облигациялардың номиналды құнын облигациялардың шығарылым проспектісінде қарастырылған мерзімдерде алу;
- сыйақыларды облигациялардың шығарылым проспектісінде қарастырылған мерзімдерде алу;
- облигацияларды еркін басқару;
- ақпараттарды облигациялардың шығарылым проспектісінде қарастырылған тәртіппен алу;
- өз талаптарын Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен қанағаттандыру;
- сыйақылар және/немесе облигациялардың оларды өтеу кезінде номиналды құны Банк кінәсінен төленбеген, сондай-ақ толық төленбеген жағдайда, Банк облигация ұстаушыларына негізгі міндеттеме сомасын және мерзімі өткен әр күн үшін ақшалай міндеттемені орындайтын күні Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі қайта қаржыландыруының ресми мөлшерлемесіне қарай есептелетін өсімпұлды төлеуге міндеттенеді. Осы шығарылым облигациялары бойынша дефолт жарияланған жағдайда облигация ұстаушыларының талаптарын қанағаттандыру Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүргізіледі.

Шектеулер (ковенант) бұзылған кезде іске асырылатын құқықтар:

Осы облигациялардың шығарылым проспектісінде шектеулер (ковенанттар) қарастырылмаған.

Ұстаушылардың осы құқықтарын іске асу тәртібін көрсетумен ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтар:

Инвесторлармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу және сату шарттарымен қарастырылған құқықтарды Банк бұзған жоқ.



Үшінші шығарылым:

Шығарылымның уәкілетті органда тіркелген күні – 2011 жылғы 07 маусым.

Облигациялар саны – 200 000 000 (екі жүз миллион) дана.

Номиналды құны бойынша шығарылым көлемі – 20 000 000 000,00 (жиырма миллиард) теңге.

Орналасырылған облигациялар саны – 22 362 000 (жиырма екі миллион үш жүз алпыс екі мың) дана.

Облигация ұстаушыларына ұсынылатын құқықтар:

Облигациялар ұстаушысына келесі құқықтар ұсынылады:

- облигациялардың номиналды құнын облигациялардың шығарылым проспектісінде қарастырылған мерзімдерде алу;
- сыйақыларды облигациялардың шығарылым проспектісінде қарастырылған мерзімдерде алу;
- облигацияларды еркін басқару;
- ақпараттарды Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен алу;
- өз талаптарын Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен қанағаттандыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге құқықтар.

Шектеулер (ковенант) бұзылған кезде іске асырылатын құқықтар:

Осы облигациялардың шығарылым проспектісінде шектеулер (ковенанттар) қарастырылмаған.

Ұстаушылардың осы құқықтарын іске асу тәртібін көрсетумен ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтар:

Инвесторлармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу және сату шарттарымен қарастырылған құқықтарды Банк бұзған жоқ.

Төртінші шығарылым:

Шығарылымның уәкілетті органда тіркелген күні – 2012 жылғы 20 қараша.

Облигациялар саны – 100 000 000 (жүз миллион) дана.

Номиналды құны бойынша шығарылым көлемі – 10 000 000 000,00 (он миллиард) теңге.

Орналасырылған облигациялар саны – 100 000 000 (жүз миллион) дана.

Облигация ұстаушыларына ұсынылатын құқықтар:

Облигациялар ұстаушысына келесі құқықтар ұсынылады:

- облигациялардың номиналды құнын облигациялардың шығарылым проспектісінде қарастырылған мерзімдерде алу;
- сыйақыларды облигациялардың шығарылым проспектісінде қарастырылған мерзімдерде алу;
- облигацияларды еркін басқару;



- ақпараттарды Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен алу;
- өз талаптарын Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіппен қанағаттандыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге құқықтар.

Шектеулер (ковенант) бұзылған кезде іске асырылатын құқықтар:

Шектеулерді (ковенант) бұзу жоқ және тиісінше мұндай құқықтар іске асырылмаған.

Ұстаушылардың осы құқықтарын іске асу тәртібін көрсетумен ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтар:

Бұл шығарылым облигацияларын бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастырумен байланысты бағалы қағаздарды сатып алу және сату шарттары жасалмады.

3. Шығарылымның құрылымы:

1. Облигациялар түрі:	атаулы купонды реттелген қамтамасыз етілмеген.
2. Шығарылатын облигациялардың саны:	50 000 000 (елу миллион) дана.
Номиналды құны бойынша облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:	5 000 000 000,00 (бес миллиард) теңге.
3. Бір облигацияның номиналды құны:	100,00 (жүз) теңге.

4. Облигациялар бойынша сыйақы:

4.1. облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі:

Белгіленген, облигациялардың номиналды құнынан жылдық 9,0 (тоғыз) пайыз;

4.2. сыйақыны есептеу басталатын күн:

сыйақыны есептеу облигация айналымы басталған күннен басталады;

4.3. сыйақыны төлеудің кезеңділігі және күні:

сыйақыны Банк облигациялар айналымы басталған күннен бастап өтеу мерзіміне дейін әрбір 6 (алты) ай сайын төлейді;

4.4. сыйақы төлеудің тәртібі мен талаптары:

- облигациялар бойынша сыйақыны төлеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) облигация ұстаушылардың ағымдағы банктік шотына ақшаны аудару арқылы осы төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі келесі күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі;
- егер инвестор Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты бар болса, купондық сыйақыны төлеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) жүргізіледі. Инвестордан жазбаша түрде тиісті өтініш алғанда, теңгедегі сома өзге валютаға Банк



белгілеген бағам бойынша айырбасталуы мүмкін. Теңгедегі соманы өзге валютаға айырбастау инвестордың есебінен жүргізіледі;

- облигациялар бойынша сыйақыны алуға осы төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигация ұстаушылардың тізілім жүйесінде тіркелген тұлғалар құқылы (бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізетін тіркеуші орналасқан орындағы уақыт бойынша);
- төлем күніне купондық сыйақы купондық сыйақының жарты жылдық мөлшерлемесіне облигацияның номиналды құнының көбейтіндісі ретінде есептеледі;

4.5. сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт мерзімі:

сыйақыны (купонды) есептеу үшін 30/360 (бір айда 30 күн/бір жылда 360 күн) уақыттық база қолданылады;

4.6. индекстелген облигацияларды шығару кезінде есеп айырысу тәртібі:

осы шығарылымның облигациялары индекстелінбеген.

5. Облигациялардың айналымы және өтелуі туралы мәліметтер:

5.1. облигациялар айналымының басталу күні:

Облигациялар «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-ның ресми тізіміне енгізілген күннен бастап облигациялар айналымы басталады;

5.2. облигациялардың айналым мерзімі:

облигациялар айналымы басталған күннен бастап 8 (сегіз) жыл;

5.3. облигацияларды өтеу күні:

облигацияларды өтеу айналым басталған күннен бастап 8 (сегіз) жылдан кейін жүргізіледі;

5.4. облигацияларды өтеу орындалатын орын:

«Еуразиялық банк» АҚ, Қонаев к-сі, 56, Алматы қ., 050002, Қазақстан Республикасы;

5.5. облигацияларды өтеу әдісі мен талаптары:

- облигацияларды өтеу облигациялар айналымының соңғы күнінен кейінгі келесі күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі;
- облигациялар ұстаушыларының ағымдағы банктік шотына ақшаларды аудару арқылы облигациялар соңғы купонның төлеумен бір уақытта номинал құны бойынша өтеледі;
- облигациялар бойынша табыс және оларды өтеу кезіндегі облигациялардың номиналды құны осы төлемдер жүзеге асырылатын мерзімнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша оларды алу құқығына ие тұлғаларға төленеді (бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізетін тіркеуші орналасқан орындағы уақыт бойынша);
- егер инвестор Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты бар болса, купондық сыйақы және оларды өтеу кезіндегі облигациялардың номиналды құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) төленеді. Инвестордан жазбаша түрде сәйкес өтініш алғанда,



теңгедегі сома өзге валютаға Банк белгілеген бағам бойынша айырбасталуы мүмкін. Теңгедегі соманы өзге валютаға айырбастау инвестордың есебінен жүргізіледі.

- облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу қарастырылмаған.

6. Облигациялар бойынша қамтамасыз ету (ипотекалық және өзге де қамтамасыз етілген облигациялар шығарылғанда):

Осы шығарылымдағы облигациялар қамтамасыз етілмеген.

7. Облигация ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер:

атауы: «Сентрас Секьюритиз» АҚ;

орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Манас к-сі, 32А, телефон: +7(727) 2598877;

шарттың күні және нөмірі: 2013 жылғы 06 қарашадағы №41 облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызмет көрсету шарты.

8. Тіркеуші туралы мәліметтер:

атауы: «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ;

орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050000, Абылай хан д-лы 141-үй, телефон: + 7 (727) 2724760;

шарттың күні және нөмірі: 2012 жылғы 05 қарашадағы №00281-АО бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілім жүйесін жүргізу шарты.

9. Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер:

атауы: «Еуразиялық Капитал» АҚ (облигациялардың осы шығарылымын орналастыру бойынша андеррайтер болып табылады);

орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қ., Желтоқсан к-сі, 59, телефон: +7 (727) 3334021;

шарттың күні және нөмірі: 2013 жылғы 06 қарашадағы №42 андеррайтерлік қызметтерді көрсету шарты.

10. Төлем агенті туралы мәліметтер:

Төлем агенті қарастырылмаған. Купонды сыйақы мен номиналды құнын төлеуді Банк өзі жүзеге асырады.

11. Облигацияның оны ұстаушыға ұсынатын құқықтары:

Облигация ұстаушыға келесі құқықтар беріледі:

- облигациялардың номиналды құнын осы Проспектіде қарастырылған мерзімде алу;
- сыйақыларды осы Проспектіде қарастырылған мерзімде алу;
- облигацияларды еркін басқару;
- ақпараттарды Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Проспектіде қарастырылған тәртіппен алу;
- өз талаптарын Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Проспектіде қарастырылған тәртіппен қанағаттандыру;



- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге құқықтар.

Осы облигация шығарылымын мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы қарастырылмаған.

11-1) Облигациялар бойынша дефолт жариялануы мүмкін жайттар:

- Банк облигациялары бойынша дефолт Банк кінәсінен облигациялар бойынша купондық сыйақы және/немесе облигациялардың номиналды құны төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда осы Проспектіде белгіленген купондық сыйақы және/немесе облигациялардың номиналды құнын төлеу мерзімдерінің аяқталған күннен кейінгі келесі күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кейін басталады;
- Банк кінәсінен облигациялар бойынша купондық сыйақы және/немесе облигациялардың номиналды құны осы Проспектіде белгіленген мерзімдерде төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Банк осы шығарылым облигация ұстаушыларына мерзімі өткен әр күн үшін ақшалай міндеттемені немесе оның сәйкес бөлігін орындау күні Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне қарай есептелетін өсімпұлды төлеуге міндеттенеді (яғни өсімпұл Банк облигациялар бойынша купондық сыйақы және/немесе облигациялардың номиналды құны, немесе оның тиісті бөлігі, нақты төлеген күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне қарай есептеледі);
- Банк барлық қажетті әрекеттерді жүзеге асырады және өз міндеттемелері бойынша дефолттарға жол бермеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды, алайда осы шығарылым облигациялары бойынша дефолт орын алғанда Банк дефолттың болу себептерін жою үшін бар күшін салады, оның ішінде өз қаржы жағдайын жақсарту бойынша шараларды қабылдайды;
- осы шығарылым облигациялары бойынша дефолт орын алған жағдайда облигациялар ұстаушылар талаптарын қанағаттандыру осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіппен және талаптармен жүзеге асырылады;
- аталмыш шығарылым облигациялары бойынша дефолт орын алған жағдайда Банк міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіппен және талаптармен жүзеге асырылады;
- дефолт болған кезде, осы Проспектіде белгіленген облигациялар бойынша міндеттемелерді орындалатын күннен кем дегенде 3 (үш) жұмыс күні бұрын Банк облигациялар бойынша дефолттың туындау себептерін, орындалмаған міндеттемелер көлемін толық сипаттаумен және Банкке талаппен өтініш тәртібін қоса алғанда, облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша қолдануы мүмкін әрекеттерді көрсетумен жазбаша хабарламаны «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның www.kase.kz ресми интернет – қорында жариялау үшін оған ұсыну арқылы облигациялар дефолті туралы ақпараттарды облигациялар ұстаушыларға мәлімдейді.

12. Эмитеттің облигация шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқықтары (егер аталған құқық эмитент органының облигацияларды шығару туралы шешімімен қарастырылған жағдайда):

Банктің облигациялардың осы шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы қарастырылмаған.



12-1) Эмитенттің облигация ұстаушыларына ақпарат мазмұнын, тәртібін, мерзімдері мен осындай ақпараттарды жариялау әдістерін көрсетумен өз қызметі мен қаржылық жағдайы туралы хабарлаудың, соның ішінде облигация шығарылымы проспектісінде қарастырылған шектеулердің (ковенант) бұзылуы туралы хабарлаудың тәртібі:

Банктің қызметі мен оның қаржылық жағдайы туралы, оның ішінде ағымдағы қызметтер туралы, облигация ұстаушыларының мүдделеріне айтарлықтай әсер ететін оқиғалар туралы ақпараттар мен қаржылық есептілік, осы Проспектіде қарастырылған шектеулердің бұзылуы (ковенант) туралы Қаржылық есептілік Депозитарийінің www.dfo.kz және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның www.kase.kz ресми интернет – қорында Қазақстан Республикасының заңнамасында және мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартта және осы Проспектіде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орналастырылады.

13. облигацияларды орналастырудан түскен ақшаларды пайдалану туралы мәліметтер:

- облигациялардың осы шығарылымының мақсаты меншікті капитал жеткіліктілігінің деңгейін қолдау және Банктің қорландыру базасын ұлғайту болып табылады және облигациялардың осы шығарылымын орналастырудан түскен ақшалар Банктің және оның облыстардағы филиалдарының қызметтерін жандандыруға – экономиканың нақты секторының ірі кәсіпорындарын, шағын және орта бизнесті, сондай-ақ жеке тұлғаларды несиелендіру саласына бағыттау жоспарланады;
- алынатын ақшаларды бөлу жоспарын өзгерту талаптары қарастырылмаған.

3.1. Облигацияларды өтеу мезетіне дейін сыйақы төлеудің әр кезеңіндегі негізгі борыш сомасын өтеу және сыйақы төлеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көзі мен ағындарының болжамы осы Проспектінің 1-қосымшасында берілген.

3.2. Эмитент қабылдайтын және Заңмен қарастырылмайтын (егер осы эмитент органының облигацияларды шығару туралы шешімімен қарастырылса) шектеулер (ковенанттар):

- 1) Банк және «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингілік шартта белгіленген жылдық және аралық қаржы есептілігін ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу;
- 2) Банкке осындай есептерді беру мерзімін аудиторлық компанияның бұзу жағдайларын қоспағанда, Банк және «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингілік шартта белгіленген Банктің жылдық қаржы есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу.

Шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, Банк бұзылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұзылудың туындау себептерін, орындалмаған міндеттемелер көлемін толық сипаттаумен және Банкке талаппен жүгіну тәртібін қоса алғанда, облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша қолдануы мүмкін әрекеттерді көрсетумен жазбаша хабарламаны www.eubank.kz өзінің корпоративтік интернет – қорында жариялау және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның www.kase.kz ресми интернет – қорында жариялау үшін оған ұсыну арқылы шектеулердің (ковенанттардың) бұзылуы туралы ақпараттарды облигациялар ұстаушыларға мәлімдейді.



Банк облигациялар ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатымен ковенанттарды бұзуды болдырмау мақсатында барлық қажетті шараларды жүзеге асырады.

Ковенанттар бұзылған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде Банк бұзылуды тудырған себептерді жою бойынша барлық мүмкін шараларды қабылдайды.

Банк ковенанттар мерзімін ұзарту кезеңі ішінде шектеулердің (ковенант) бұзылуын тудырған себептерді жою бойынша шаралар қабылдамаған жағдайда, егер Банк пен облигациялар ұстаушылардың арасында өзгеше келісімесе, осындай талап ету ұсынылған күннен бастап есептелетін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде облигацияларды ұстаушылар орналастырған облигацияларды Банктің сатып алуын талап етуге құқылы.

Банк сатып алу күніндегі жиналған сыйақының есебімен бірге облигацияның номиналды құнына сәйкес баға бойынша облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды сатып алуға еркін нысанда жасалған барлық қажетті деректемелері көрсетілген жазбаша өтінішінің негізінде ғана 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде облигацияларды ұстаушылардың банктік шотына ақша аудару арқылы орналастырылған облигацияларды сатып алуды жүзеге асырады:

заңды тұлға үшін: облигация ұстаушының атауы, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірі, берілген күні мен берген органы, орналасқан орны, телефондары, банктік деректемелері, бар болса – бизнес-сәйкестендіру нөмірі, сатып алынатын облигациялардың саны мен түрі;

жеке тұлға үшін: облигация ұстаушының тегі, аты, бар болса әкесінің аты, куәліктің нөмірі, күні мен берген органы, тұрғылықты орны, телефондары, банктік деректемелері, жеке сәйкестендіру нөмірі, сатып алынатын облигациялардың саны мен түрі.

Банк облигацияларды сатып алуға берілген барлық өтінімдерді бір уақытта қанағаттандыра алмаған жағдайда, облигацияларды ұстаушылардан облигацияларды сатып алу берілген өтінімдердің кезектілігі тәртібінде жүзеге асырылады.

Облигацияларды ұстаушылар Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда, сатып алынатын кезде жиналған сыйақыны және облигацияларды номиналды құнын төлеу Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болса Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) жүргізіледі. Облигацияларды ұстаушылардан жазбаша түрде тиісті өтініш алған кезде теңгедегі сома Банк белгілеген бағам бойынша өзге валютаға айырбасталуы мүмкін. Теңгедегі соманың өзге валютаға айырбасталуы облигацияларды ұстаушының есебінен жүргізіледі.

3-3. Орналастырылған облигацияларды сатып алу:

1) Қажеттілік бойынша және Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Банк орналастырылған облигацияларды олардың айналымының барлық мерзімі ішінде сатып алуға құқылы. Сатып алынған облигациялар өтелген болып саналмайды және Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің сатып алған облигацияларын олардың айналымының барлық мерзімі ішінде бағалы қағаздар нарығында кері сатуға құқылы. Мәміленің мерзімдері мен бағасы мәміле жасалған сәттегі нарықтық жағдайға байланысты анықталады.

2) Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының 18-4-бабына сәйкес Банк келесі талаптармен орналастырылған облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға міндетті:

2-1) Банктің уәкілетті органының облигациялардың делистингісі туралы шешім қабылдауы;

2-2) «Қазақстан қор биржасы» АҚ арнайы (листингілік) талаптарды, оның ішінде тізбесі уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісімен және қор биржасының ішкі құжаттарымен анықталған ақпараттарды қор биржасына ұсыну бөлігін орындамау себептері бойынша Банк облигацияларын делистингілеу туралы шешім қабылдауы;

2-3) Банктің облигацияларды ұстаушылар өкілімен облигацияларды ұстаушылардың бұрынғы өкілімен жасалған шарт бұзылған немесе әрекет етуі тоқтаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде шарт жасамауы.

Орналастырылған облигацияларды сатып алуды Банк сатып алатын күндегі жиналған сыйақының есебімен бірге қайсысының көлемі үлкен болғанына қарай облигацияның номиналды құнына сәйкес баға бойынша немесе облигациялардың нарықтағы әділ бағасы бойынша жүзеге асырады.

4. Опциондар туралы мәліметтер:

Осы шығарылым облигациялары бойынша опциондар қарастырылмаған.

5. Айырбасталатын облигациялар:

Шығарылатын облигациялар Банктің акцияларына айырбасталмайды.

6. Орналастыру әдісі:

6.1. облигацияларды орналастыру мерзімі және тәртібі:

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес облигациялар бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында сауда-саттық ұйымдастырушының ережелеріне сәйкес облигациялар айналымының бүкіл мерзімі ішінде орналастырылады.

6.2. акцияларға айырбасталатын облигацияларды орналастыру кезіндегі айырбастау талаптары.

шығарылатын облигациялар Банктің акцияларына айырбасталмайды.

6.3. облигацияларды төлеу талаптары мен тәртібі:

облигацияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастырғанда облигацияларды төлеу талаптары мен тәртібі, есеп айырысу тәсілдері сауда-саттық ұйымдастырушының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма Төрағасының м.а.

Бас бухгалтер



Р.А. Машчак

Л.Н. Нелина

**«Еуразиялық банк»
акционерлік қоғамының
екінші облигациялық бағдарламасының шегінде
облигациялар шығарылымының проспектісіне
№1 қосымша**

Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақы төлеудің әр кезең қиылысындағы негізгі борыш сомасын өтеу және сыйақы төлеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көзі мен ағындарының болжамы (мың. теңге)

Кезең	Облигацияларды орналастыру	Депозиттер	Кредит портфелін өтеу	Барлық келген ақша	Облигацияларды өтеу	Банк облигациялары бойынша купон төлеу	Кредиттер беру	Барлық кеткен ақша	Нетто-жайғасым
2014 1-жартыжылдық	5 000 000	18 048 014	46 096 028	69 144 043		0	69 144 043	69 144 043	0
2014 2-жартыжылдық	0	24 425 415	48 400 830	72 826 245		225 000	72 601 245	72 826 245	0
2015 1-жартыжылдық	0	25 635 436	50 820 871	76 456 307		225 000	76 231 307	76 456 307	0
2015 2-жартыжылдық	0	26 905 957	53 361 915	80 267 872		225 000	80 042 872	80 267 872	0
2016 1-жартыжылдық	0	28 240 005	56 030 011	84 270 016		225 000	84 045 016	84 270 016	0
2016 2-жартыжылдық	0	29 640 756	58 831 511	88 472 267		225 000	88 247 267	88 472 267	0
2017 1-жартыжылдық	0	31 111 543	61 773 087	92 884 630		225 000	92 659 630	92 884 630	0
2017 2-жартыжылдық	0	32 655 870	64 861 741	97 517 611		225 000	97 292 611	97 517 611	0
2018 1-жартыжылдық	0	34 277 414	68 104 828	102 382 242		225 000	102 157 242	102 382 242	0
2018 2-жартыжылдық	0	35 980 035	71 510 069	107 490 104		225 000	107 265 104	107 490 104	0
2019 1-жартыжылдық	0	37 767 786	75 085 573	112 853 359		225 000	112 628 359	112 853 359	0
2019 2-жартыжылдық	0	39 644 926	78 839 852	118 484 777		225 000	118 259 777	118 484 777	0
2020 1-жартыжылдық	0	41 615 922	82 781 844	124 397 766		225 000	124 172 766	124 397 766	0
2020 2-жартыжылдық	0	43 685 468	86 920 936	130 606 404		225 000	130 381 404	130 606 404	0
2021 1-жартыжылдық	0	45 858 492	91 266 983	137 125 475		225 000	136 900 475	137 125 475	0
2021 2-жартыжылдық	0	43 557 133	95 830 332	139 387 465	5 000 000	225 000	134 162 465	139 387 465	0
БАРЛЫҒЫ	5 000 000	539 050 172	1 090 516 411	1 634 566 583	5 000 000	3 375 000	1 626 191 583	1 634 566 583	0

№41 Облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіру шарты

Алматы қ.

2013 жылғы 06 қараша

«Еуразиялық банк» акционерлік қоғамы, бұдан әрі Эмитент деп аталады, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы М.Д. Эгглтон мырза арқылы және «Сентрас Секьюритиз» акционерлік қоғамы, бұдан әрі Өкіл деп аталады, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы Т.К. Камаров арқылы, бұдан әрі бірге Тараптар деп, ал әрқайсысы бөлек Тарап деп аталады, бұдан әрі Шарт деп аталатын, жоғарыда айтылған күндегі осы Облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіру шартын төмендегілер жөнінде жасады.

1. Шарттың мәні

1.1. Осы Шартқа сәйкес Өкіл шығарылым параметрлері Шарттың 1.2-т. және 1.3-т. көрсетілген облигацияларды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатымен Қазақстан Республикасы заңнамасында, Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасының шеңберіндегі облигациялардың бесінші және алтыншы шығарылым проспектілерінде (бұдан әрі – Проспект) және осы Шартта қарастырылған талаптарда және тәртіпте Эмитент алдындағы облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіруді жүзеге асыруға міндеттенеді, ал Эмитент Өкілдің қызметтеріне осы Шартпен қарастырылған мөлшерде және тәртіпте ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасының шеңберіндегі облигациялардың бесінші шығарылымының параметрлері (бұдан әрі жекеше түрде – Облигация (Облигацияны), көпше түрде – Облигациялар деп аталады):

1.2.1. Облигациялар түрі – атаулы, купондық, реттелген, қамтамасыз етілмеген;

1.2.2. шығарылатын Облигациялар саны – 50 000 000 (елу миллион) дана;

1.2.3. Облигацияның номиналды құны – 100,0 (жүз) теңге;

1.2.4. шығарылатын Облигациялардың жалпы көлемі – 5 000 000 000 (бес миллиард) теңге;

1.2.5. сыйақы мөлшерлемесінің (купонның) мөлшері - белгіленген, Облигациялардың номиналды құнынан жылдық 9,0 (тоғыз) пайыз;

1.2.6. Облигациялар айналымының басталу күні – облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізіміне қосқан күннен бастап;

1.2.7. айналым мерзімі – Облигациялардың айналымы басталған күннен бастап 8 (сегіз) жыл;

1.3. Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасының шеңберіндегі облигациялардың алтыншы шығарылымының параметрлері (бұдан әрі жекеше түрде – Облигация (Облигацияны), көпше түрде – Облигациялар деп аталады):

1.3.1. Облигациялар түрі – атаулы, купондық, реттелген, қамтамасыз етілмеген;

1.3.2. шығарылатын Облигациялар саны – 100 000 000 (жүз миллион) дана;

1.3.3. Облигацияның номиналды құны – 100,0 (жүз) теңге;

1.3.4. шығарылатын Облигациялардың жалпы көлемі – 10 000 000 000 (он миллиард) теңге;

1.3.5. сыйақы мөлшерлемесінің (купонның) мөлшері - белгіленген, Облигациялардың номиналды құнынан жылдық 9,0 (тоғыз) пайыз;

1.3.6. Облигациялар айналымының басталу күні – облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізіміне қосқан күннен бастап;

1.3.7. айналым мерзімі – Облигациялардың айналымы басталған күннен бастап 10 (он) жыл;

1.4. Өкіл Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындауына бақылау жасауды осы Шартпен белгіленген тәртіпте және мерзімде Эмитенттен кезеңді есеп алу, сондай-ақ Эмитентке тиісті сұранымдар жіберу және одан Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындауы туралы мәліметтер алу арқылы жүзеге асырады.

1.5. Өкіл облигацияларды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды өтініш жасау арқылы жүзеге асырады:

1.5.1. Эмитентке Проспектімен белгіленген облигацияларды ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындау туралы талаппен;

1.5.2. уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының өзге мемлекеттік органдарына;

1.5.3. Облигацияларды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау туралы сотқа талап-арызбен.

1.6. Облигациялардың бағалы қағаздар нарығында нақты орналастырған күн Өкілдің қызметтерді көрсетуді бастау күні болып табылады.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Өкілдің міндеттері:

2.1.1. облигацияларды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін бұзуы мүмкін жағдайларды анықтау және оларға көрсетілген жағдайлар туралы мәлім болған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарына хабарлама жариялау арқылы хабардар ету;

2.1.2. облигациялар бойынша сыйақының уақтылы төленуіне бақылау жасау;

2.1.3. Эмитентпен Шарт бұзылған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға, сауда-саттықты ұйымдастырушы мен облигацияларды ұстаушыларға өзінің Өкіл ретінде өкілеттігінің тоқтағаны туралы хабарлау;

2.1.4. жазбаша сұранымдарға сәйкес уәкілетті орган мен облигацияларды ұстаушыларға өзінің Өкіл ретінде қызметіне қатысты ақпараттар мен құжаттарды беру;

2.1.5. инсайдерлік ақпараттан тұратын мәліметтерді, банктік, коммерциялық және Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге құпияларды жарияламау және таратпау;

2.1.6. Эмитент сыйақыны және (немесе) облигациялардың номиналды құнын төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, сондай-ақ Проспектімен қарастырылған талаптар бұзылғанда, Өкіл мәліметтерді алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Өкілдің өз қызметін жүзеге асыру аясында қабылдаған шараларды және Эмитентпен жасалған Шарт бойынша өз құқықтарын іске асыруды сипаттаумен бұл туралы уәкілетті органға, сауда-саттықты ұйымдастырушы мен облигацияларды ұстаушыларға хабарлау;

2.1.7. уәкілетті орган Өкілдің бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясын қайтарып алған және (немесе) Өкілдің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қайта ұйымдастыруға, таратуға байланысты тоқтаған жағдайда, осындай қайтарып алу және (немесе) Өкілдің уәкілетті органы Өкілді қайта ұйымдастыру, тарату туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде бұл туралы Эмитентке хабарлау;

2.1.8. Эмитенттен облигацияларды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатымен ғана мәліметтер мен ақпараттарды сұрату;

2.1.9. Шарт бойынша өз өкілеттігін асырмастан және Эмитенттің қызметіне араласпастан адал ниетпен әрекет ету;

2.1.10. Эмитентке есептік айдан кейінгі (алдыңғы) айдың 10 - күнінен кешіктірмей ай сайынғы негізде өзінің қызмет жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты

Эмитенттің инсайдерлік ақпараттарына рұқсаты бар қызметкерлері туралы ақпараттарды беру;

2.1.11. осы Шарт және Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша өз міндеттерін тиісті түрде орындау үшін қажетті барлық шараларды қабылдау.

2.2. Өкілдің қызметтері:

2.2.1. Эмитенттің Проспектіде белгіленген Облигацияларды ұстаушылар алдындағы міндеттемелерді орындауын бақылайды;

2.2.2. Эмитенттің облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны мақсатына сәйкес пайдалануын бақылайды және бақылау нәтижесінде алынған ақпаратты тоқсан сайынғы негізде Шартқа сәйкес Облигацияларды ұстаушыларға мәлімдейді;

2.2.3. Эмитенттің қаржылық жағдайының мониторингісін және оның корпоративтік оқиғаларына талдау жүргізеді;

2.2.4. Эмитенттің Проспектімен белгіленген міндеттемелерді орындамау бойынша облигацияларды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған шараларды қабылдау, соның ішінде меншігінде Эмитенттің орналастырылған облигацияларының (сатып алынғандардың шегерімімен) 50 (елу) және одан көп пайызы бар облигацияларды ұстаушылардың атынан сотқа талап-арыз беру арқылы;

2.2.5. тоқсанына сирек дегенде 1 (бір) облигацияларды ұстаушылар мен уәкілетті органға Шарттың 2.2-тармағының 2.2.1.-2.2.4. тармақшаларына сәйкес өзінің әрекеттері туралы және осындай әрекеттердің нәтижелері туралы хабарлайды;

2.2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартқа сәйкес өз міндеттері мен қызметтерін атқаруға бағытталған өзге әрекеттерді жүзеге асырады.

2.3. Өкілдің құқықтары:

2.3.1. Эмитентке сәйкес сұранымдар жолдау және Эмитенттен осы Шартпен белгіленген тәртіпте және мерзімде кезеңдік есептер мен облигацияларды ұстаушылардың алдындағы Шарттың 2.4.2-т. сәйкес олардың өз міндеттемелерін орындауға қатысты мәліметтерді алу;

2.3.2 Эмитенттен осы Шартпен қарастырылмаған облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын өзге қосымша ақпараттарды сұрату;

2.3.3. Эмитенттен облигацияларды ұстаушылардың алдындағы Проспектімен белгіленген өз міндеттемелерін орындауын талап ету;

2.3.4. жазбаша сұранымға сәйкес орналастырылған облигациялар бойынша (сатып алынғандардың шегерімімен) сыйақы және (немесе) номиналды құнын төлеу үшін облигацияларды ұстаушылардың тізілімін тіркеу күніндегі жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылардың тізімі туралы ақпарат алу;

2.3.5. сенімхаттар және/немесе облигацияларды ұстаушылар берген тапсырма шарты негізінде өз міндеттемелерін орындаумен байланысты, өз құзыретінің шегінде, Проспектіге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдар мен соттарды қосқанда үшінші тұлғалар алдында облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіру;

2.3.6. бағалы қағаздар нарығындағы қызметті реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, осы Шартқа және осыған сәйкес Шарт Тараптарының өзара қатынастарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастама жасау;

2.3.7. Проспектіге, Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартқа сәйкес облигацияларды ұстаушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған өзге құқықтар.

2.4. Эмитенттің міндеттері:

2.4.1. Проспектіде белгіленген талаптарды сақтау;

2.4.2. Өкілге кезеңдік есептер мен Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындауға қатысты мәліметтерді ұсыну, оның ішінде:

- Эмитент акционерлерінің жылдық жалпы жиналысымен бекітілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жылдық қаржылық есептілік пен жылдық аудиторлық есептердің көшірмелері;

- тоқсан аяқталған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде тоқсан сайынғы қаржылық есептіліктің көшірмелері;

- алдағы уақытта болатын акционерлердің жалпы жиналысы туралы ақпараттар мен осындай жиналыстың күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар, егер аталған жиналыстың күн тәртібі облигацияларды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын мәселелерден тұрса, акционерлердің жалпы жиналысы өтетін күнге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей;

- Эмитенттің уәкілетті органдары қабылдаған облигацияларды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын шешімдер туралы ақпаратты осындай шешімдерді қабылдаған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей;

- алдағы болатын облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы туралы ақпараттар мен осындай жиналыстың күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар, облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы өтетін күнге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей;

- облигацияларды ұстаушылардың тізімі туралы ақпарат Өкілдің сәйкес жазбаша сұранымын алған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Эмитентпен жасалған ірі мәміле жасау туралы ақпарат осындай мәміле жасау күнінен 10 (он) жұмыс күні ішінде;

- Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының 102-бабының 2-тармағына сәйкес облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын қызметтегі өзгерістер туралы ақпарат өзгерістер туындаған мезеттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде;

- облигацияларды орналастырылғаннан алынған ақшалардың мақсатына сәйкес қолданылғаны туралы ақпарат облигациялардың айналымы басталған күннен бастап әр алты ай сайын, облигациялар айналымының әр жарты жылдығы аяқталысымен 10 (он) жұмыс күні ішінде;

- Эмитент активтерінің құнынан 5 (бес) және одан көп пайызға асатын сомада қарыздар алынғаны туралы ақпарат осындай қарыз алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде;

- Эмитенттің облигациялар бойынша сыйақы мен негізгі борышты төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындау туралы ақпарат осындай төлемдер аяқталған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде;

- облигациялардың шығарылым проспектісінде белгіленген шектеулерді (ковенантты) сақтау (бұзу) туралы ақпарат тоқсан сайынғы негізде;

- Проспектімен белгіленген, облигацияларды ұстаушылар алдындағы өзге міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат Өкілдің сәйкес жазбаша сұранымын алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде;

2.4.3. Өкілге Шарттың 3-тарауына сәйкес сыйақыны уақтылы және толық көлемде төлеу;

2.4.4. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын коммерциялық және өзге құпиялардан тұратын мәліметтерді жарияламау;

2.4.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына, Проспектіге және осы Шартқа сәйкес өз міндеттемелерін орындауға бағытталған өзге әрекеттерді жүзеге асыру.

2.5. Эмитенттің құқықтары:

2.5.1. Өкілден Қазақстан Республикасының заңнамасына, Проспектіге және осы Шартқа сәйкес өз міндеттемелері мен атқаратын қызметтерін тиісті түрде орындауын талап ету.

2.5.2. Бағалы қағаздар нарығындағы қызметті реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, осы Шартқа және осыған сәйкес Шарт Тараптарының өзара қатынастарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастама жасау, сондай-ақ аталған өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына қарсы келмесе Эмитенттің ішкі құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

3. Сыйақы мөлшері мен оны төлеу тәртібі

3.1. Көрсетілетін қызметтер үшін сыйақы айына 95 000,00 (тоқсан бес мың) теңгені құрайды, оны осы Шартты әрекет ету мерзімі ішінде Эмитент төлейді.

3.2. 3.1-тармақта көрсетілген сыйақыны Эмитент Тараптар Орындалған жұмыстар актісіне қол қойғаннан кейін, Эмитент Шарттың 11-тарауында көрсетілген деректемелер бойынша шот-фактураны және төлем шотын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өкілге ақша аудару арқылы төлейді.

3.3. Өкілдің қызметтері бойынша Орындалған жұмыстар актісіне Эмитент оны алған мезеттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қояды. Орындалған жұмыстар актісін Өкіл Эмитентке шот-фактурамен және төлем шотымен бірге қолма-қол тапсыру арқылы есептік айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) күнінен кешіктірмей жолдайды.

3.4. Эмитент Өкілдің өз міндеттемелерін орындау бойынша шығыстарын өтемейді.

4. Құжат айналымының тәртібі

4.1. Тараптардың міндеттемелерді орындаумен байланысты Шарт бойынша талап етілетін немесе қарастырылған барлық ескертпелер, сұранымдар, ақпараттар мен басқа хабарламалар жазбаша нысанда жасалып, бірінші басшының немесе оны ауыстыратын тұлғаның немесе уәкілетті лауазымды тұлғаның қол қойылуы тиіс және электронды түрде немесе факсимильді байланыс арқылы жолдануы және (немесе) Тараптардың сұранысы бойынша қағаз тасымалдаушыда нұсқасы болуы мүмкін және барлық жағдайларда тиісті түрде жолданған, берілген, алынған немесе жеткізілген болып есептеледі (жеткізу/алу туралы растаушы құжаттар немесе электронды түрде немесе факс бойынша жеткізу/алу туралы кері хабарлама болуын ескере отырып). Қағаз тасымалдаушыда нұсқасы болған жағдайда құжаттар алушының орналасқан орны бойынша қолма-қол тапсыру арқылы беріледі немесе поштамен жолданады.

4.2. Тараптар ресми хатпен тегін, атын, бар болса – әкесінің атын, лауазымын, бөлімшенің атауын, оның (олардың) электронды пошталарын, оның (олардың) байланыс телефондары мен факстарының нөмірлерін көрсетумен осы Шарт бойынша талап етілетін немесе қарастырылған құжаттарды жолдауға немесе алуға уәкілетті болатын өзінің қызметкері (өз қызметкерлері) туралы мәліметті немесе өзінің қызметкері (өз қызметкерлері) туралы мәліметтердің өзгергені туралы ұсынады.

4.3. Осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз міндеттемелерін орындау мақсатымен Өкіл облигацияларды ұстаушыларға ақпараттарды Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы хабарлайды.

4.4. Жекелеген жағдайларда, облигацияларды ұстаушылардың жазбаша сұранымына сәйкес және облигацияларды ұстаушылардың есебінен Өкіл талап етілетін ақпаратты облигация ұстаушылардың орналасқан орны бойынша қолма-қол тапсыру арқылы облигацияларды ұстаушыларға кейіннен қағаз тасымалдаушыда ұсынумен бірге электронды немесе факсимильді байланыс арқылы немесе пошта арқылы жолдайды, сондай-ақ қажеттілік туындаса ақпаратты сауда-саттық ұйымдастырушысына және (немесе) оны (оларды) интернет-қорда орналастыру үшін ИРБИС ақпараттық қызметіне жолдайды.

5. Тараптардың жауапкершіліктері

5.1. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартқа сәйкес жауапкершілікте болады.

5.2. Эмитент Өкілге сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерін уақтылы орындамаған жағдайда, Эмитент мерзімі кешіктірілген әр күн үшін мерзімі кешіктірілген сомадан 0,01% (нөл бүтін жүзден бір пайыз), бірақ мерзімі кешіктірілген соманың 10% (он пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

5.3. Осы Шарттың және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес оларды ашу міндеттемелерін қоспағанда, Өкіл Эмитенттің жазбаша келісімінсіз осы Шарттың 2.1.5-т. қарастырылған міндеттемелерді бұзған жағдайда, Өкіл осындай міндеттемелерді бұзу салдарынан Эмитенттің шеккен шығындарын өтеумен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.

5.4. Эмитент Шарттың 2.1.5-т. қарастырылған міндеттемені Өкілдің бұзғанын және Эмитенттің шеккен шығындары Өкілдің міндеттемелерді бұзумен тікелей байланысты екенін дәлелдеген жағдайда ғана Өкіл Эмитенттің шығындарын өтейді.

5.5. Тараптар араларында туындаған келіспеушіліктерді жою үшін екі жақты келіссөздер арқылы барлық шаралар қабылдайтындығы туралы келісті. Келісімге келе алмаған жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы тәріздес дауларды қарастыруға өкілетті Қазақстан Республикасының сот органдарында қарастырылады.

6. Өкілдің өкілеттілігінің мерзімінен бұрын тоқтауының тәртібі мен негізі

6.1. Өкілдің өкілеттілігі келесі талаптардың бірі орын алған кезде мерзімінен бұрын тоқтауы мүмкін:

6.1.1. бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның әрекет етуінің тоқтауы;

6.1.2. Өкіл қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қайта ұйымдастырумен, таратумен байланысты тоқтауы;

6.1.3. Тараптардың келісімдері бойынша;

6.1.4. Облигациялар ұстаушылардың 10 (он) немесе одан көп пайызы Эмитентке Өкілді ауыстыру туралы талаппен жүгінген жағдайда, Эмитенттің бастамасы бойынша;

6.1.5. Шартты бұзу туралы сот шешімінің негізінде.

6.2. Шарттың 6.1-тармағының 6.1.1. және 6.1.2. тармақшасында көрсетілген талаптар орын алған кезде Өкіл осындай оқиғалар басталған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде бұл туралы Эмитентке, облигацияларды ұстаушыларға, сауда-саттық ұйымдастырушылар мен уәкілетті органға сәйкес жазбаша ескертпе жолдау арқылы хабарлауға міндетті.

6.3. Шарттың 6.1-тармағының 6.1.3-тармақшасында көрсетілген талаптар орын алған кезде Эмитент облигацияларды ұстаушылардың жаңа өкілімен шарт жасағанға және уәкілетті органның Проспектіге енгізген өзгерістері мемлекеттік тіркеуден өткенге дейін Өкіл өз қызметін атқаруды жалғастыра береді.

6.4. Шарттың 6.1-тармағының 6.1.4. тармақшасында көрсетілген талаптар орын алған кезде Эмитент 7 (жеті) жұмыс күні ішінде осы Шартты бұзу туралы шаралар қабылдайды.

6.5. Осы Шарттың 6.1. тармағының 6.1.5. тармақшасында көрсетілген талаптар орын алған кезде осы Шарт өзінің әрекет етуін оқиға күнінен немесе сот органдарының шешімдерінде көрсетілген күннен бастап тоқтатады.

7. Еңсерілмес күш жайттары

7.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара немесе тиісті түрде орындамағандары үшін, егер орындамау Тараптар алдын ала болжай алмаған немесе тоқтата алмаған және Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға тікелей әсер еткен осы Шартты жасағаннан кейін және (немесе) әрекет ету кезінде туындаған еңсерілмес күш жайттары салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады.

7.2. Тараптар осы жайттар Тараптардың еріктерінен тыс және Тараптардың кез келгенінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмауын тудыру талабымен, міндеттемелерді орындау мүмкіндігінен айыратын, Шарттың әрекет етуінің кез келген мезетінде туындаған келесі оқиғаларды қосқанда, бірақ онымен шектелмейтін: зілзала, су тасқыны, өрт, табиғи және техногенді сипаттағы өзге табиғи апаттар мен қауіптерді, әскери қимылдар, лаңкестік актілер, ереуілдер, заңнамадағы өзгерістерді, сондай-ақ Тараптардың қисынды бақылауынан тыс болатын басқа жайттар еңсерілмес күш жайттары болып табылатындығымен келісті.

7.3. Осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мүмкін болмайтын Тарап еңсерілмес күш жайттары орын алған немесе тоқтаған мезеттен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей келесі Тарапқа еңсерілмес күш жайттарының басталғаны немесе тоқтағаны туралы хабарлауға міндетті. Қазақстан Республикасы Сауда палатасының ресми құжаты немесе уәкілетті органдар және (немесе) ұйымдар беретін өзге құжаттар еңсерілмес күш жайттарының орын алуының тиісті түрде растауы болып табылады.

7.4. Еңсерілмес күш жайттары орын алған кездегі осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған Тарап хабарламаса және (немесе) уақтылы хабарламаса, сол Тарап еңсерілмес күш жайттарының орын алу жағдайына сілтеу құқығынан айырылады.

7.5. Еңсерілмес күш жайттары орын алған жағдайда Тараптың осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жайттар мен олардың салдарының әрекет етуіне тең уақытқа жылжытылады.

7.6. Егер орын алған еңсерілмес күш жайттары мен олардың салдары 2 (екі) айдан астам уақыт бойы әрекет ететін болса, Тараптар осы Шартты орындаудың қолайлы альтернативтік тәсілдерін анықтау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді және (немесе) оны бұзу туралы шешім қабылдайды.

7.7. Тараптар еңсерілмес күш жайттарының ұзақтығына байланысты осы Шартты бұзу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Эмитент Өкілге нақты қызмет көрсетілген уақыт үшін төлем жүргізеді.

8. Тараптардың куәландырулары мен кепілдіктері

8.1. Осы арқылы Тараптар Шартқа осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін аталған құжат түрлеріне қол қоюға барлық өкілеттілігі бар уәкілетті тұлғалардың қол қойғанын куәландырады және кепілдік береді.

8.2. Осы арқылы Өкіл бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметін Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің бағалы қағаздар нарығында номиналды ұстаушы ретінде клиенттер шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға берген №0401200886 лицензия негізінде жүзеге асыратынын куәландырады және кепілдік береді.

8.3. Осы Шарт заңды түрде жарамды және Тараптар орындауы тиіс, Шарттың талаптарына сәйкес міндеттемелерді орындамаған Тарапқа қатысты мәжбүрлі түрде жүзеге асырылуы мүмкін міндеттемелерді білдіреді.

8.4. Тараптардың осы Шартқа сәйкес жасаған әрекеттері Тараптардың құрылтайшы құжаттарының кез келген ережелеріне немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Тараптардың кез келген басқа шарт немесе келісім бойынша міндеттемелеріне қарама-қарсы немесе коллизия болмайды немесе қайшы келмейді.

9. Құпиялылық

9.1. Шарттың Тараптары Шарт мәні және талаптары туралы ақпараттар, сондай-ақ осы Шартты жасау және орындау барысында алынған қаржылық, коммерциялық, инсайдерлік және басқа ақпараттар құпия ақпараттар болып табылатындығымен келіседі.

9.2. Бір Тараптың құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беруі, басып шығаруы немесе өзге түрде жариялауы Тараптың сәйкес жазбаша сұранымының негізінде келесі Тараптың жазбаша келісімін алғаннан кейін ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда ғана мүмкін болады.

9.3. Тараптың кез келгені Шарт талаптарын бұза отырып, келесі Тараптың құпия ақпаратын жариялаған немесе таратқан жағдайда кінәлі Тарап келесі Тараптың осындай ақпаратты жариялануымен байланысты шеккен шығындарын өтеумен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.

9.4. Осы Шарттың әрекет етуі тоқтағаннан және (немесе) ол мерзімінен бұрын бұзылғаннан кейін келесі 5 (бес) жыл бойы Тараптардың құпиялылықты сақтау бойынша міндеттемелері әрекет етеді.

9.5. Эмитенттің алдын ала жазбаша келісімінсіз Өкіл осы Шарттың жасалу фактісін және (немесе) осы Шарттың талаптарын жарнамалық мақсаттарға және (немесе) Эмитенттің қызметкерлері болып табылмайтын саны айтарлықтай тұлғалардың танысуы болжанатын өзге мақсаттарға қолдануға құқығы жоқ.

10. Басқа талаптар

10.1. Өкілдің брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті атқару лицензиясы тоқтатылған немесе қайтарылған жағдайда, Тараптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әрекет етеді.

10.2. Шарттың кез келген өзгерістері мен толықтырулары жазбаша ресімделіп, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойса және Тараптардың мөрлерімен бекітілгенде ғана жарамды болып табылады.

10.3. Орналасқан орны (заңды мекенжайы және (немесе) нақты мекенжайы) және (немесе) банктік деректемелері өзгерген Тарап көрсетілген оқиғалар орын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы осы Шарттың келесі Тарабына жазбаша хабарлауы тиіс.

10.4. Шарт Өкілдің Шарттың 6-тарауымен қарастырылған жағдайларда Өкілдің уәкілеттілігі тоқтағанға дейін, ал ақша міндеттемесі бөлігінде Тараптардың осы Шарт талаптарында оларды толық орындағанға дейін әрекет етеді.

10.5. Тараптар Шартты осы Шарттың 6-тарауымен анықталған жағдайларда, сондай-ақ Тараптардың бірі осы Шарт талаптарын бірнеше рет бұзған кезде біржақты тәртіпте бұзуы мүмкін.

10.6. Шартты Тараптардың келісімдерімен бұзу үшін Шартты бұзу туралы жазбаша ескертулермен алмасу бұзудың болжамды күнінен 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүргізілуі қажет. Бұл ретте Эмитент облигацияларды ұстаушылардың жаңа

өкілімен шарт жасағанға және уәкілетті органның Проспектіге енгізген өзгерістері мемлекеттік тіркеуден өткенге дейін Өкіл өз қызметін атқаруды жалғастыра береді.

10.7. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Шартты бұзуға ниет білдірген Тарап Шартты біржақты тәртіпте бұзудың негізін растайтын құжаттардың (бар болса) көшірмелерін ескертпеге қосымша ретінде сала отырып, болжамды бұзу күнінен 10 (он) жұмыс күні бұрын келесі Тарапқа жазбаша хабарлауға міндетті.

10.8. Осы Шарт Тараптар арасында қолжеткізген келісімнің толық мәтінін білдіреді және бұрын жасалған Тараптардың Шарт мәніне қатысты ауызша не жазбаша барлық келісілгендер мен ниеттерді ауыстырады.

10.9. Шарт бойынша Тараптардың бірінің құқықтары және (немесе) міндеттемелері келесі үшінші тұлғаларға берілмейді.

10.10. Осы Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілінде 2 (екі) данада жасалып, Тараптардың әрқайсысына бір-бірден берілді. Шарттың мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі мәтіндері арасында алшақтық туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

10.11. Осы Шарт жасалған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша барлық өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

11. Тараптардың орналасқан жері, банктік деректемелері мен қолдары

Эмитент:

«Еуразиялық банк» АҚ

Қазақстан Республикасы, 050002

Алматы қ., Қонаев к-сі, 56

БСН 950 240 000 112

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіндегі

ЖСК KZ67125KZT1001300285

БСК NBRKKZKX, Бек 14

Өкіл:

«Сентрас Секьюритиз» АҚ

Қазақстан Республикасы, 050008,

Алматы қ., Манас к-сі, 32А

БСН 040 340 005 474

ЖСК KZ27826A1KZTD2003468

«АТФ Банк» АҚ, Алматы қ., Фурманов к-сі,
100

БСК ALMNKZKA, Бек 15

Басқарма төрағасы

М.Д. Эгглтон



Басқарма төрағасы

Т.К. Камаров



Копия верна

Прошито и пронумеровано

на 42 (сорок два) страницах

Заместителем Председателя Правления

Аязбаев Н.Н.

И.И. Мейдина



«Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын және қаржы
бақылау мен қадағалау орҒандары»
ТІРКЕДІ
2013 ж. «26 қараша»